

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК мен «Астана медицина университеті» КЕАҚ арасындағы ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Нұр-Сұлтан қаласы

«07» Ақпан 2020 жыл

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - ҰҒПДТО) және "Астана медицина университеті" КЕАҚ осы ынтымақтастық туралы меморандумды жасады.

1-бап

Ынтымақтастық туралы Меморандум (бұдан әрі-Меморандум) арнайы медициналық топтар үшін дене шынықтыру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және енгізу, емдік және адаптивті дене шынықтыруды жүргізу, адаптивті дене шынықтыру бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру үшін негіз болады және "ҰҒПДТО" РМҚК мен «Астана медицина университеті» КЕАҚ арасында қарым-қатынас орнатады.

1. Тараптар жалпы орта және жоғары білім беру мақсаттарына қол жеткізуде басым бағыттағы жұмыстарды жүргізу үшін осы Меморандум жасасады:

1) оқушылар мен студенттердің денсаулығын, жеке және моральдық-адамгершілік қасиеттері мен өзін-өзі үздіксіз дамыту қажеттіліктерін нығайту;

2) дене шынықтыру және спортпен шұғылдану кезінде ағзаның негізгі физикалық қасиеттерін дамыту, сондай-ақ функционалдық мүмкіндіктерін арттыру;

3) жалпы және сауықтыру бағытындағы дене жаттығуларының маңызын бағалау;

4) адаптивті дене шынықтырумен айналысатын оқушылардың дене тәрбиесі бойынша кешенді жоспар мен сабақтарды ұйымдастыру қағидаларын қабылдау;

3. Осы Меморандум шеңберінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады және тең құқықтық, ашықтық пен парасаттылық қағидаттарына сай өзара іс-қимыл жасайды.

2-бап

Тараптар ынтымақтастықты мынадай бағыттардағ жұмыстарды жүзеге асыруға мүдделілік білдіреді:

- 1) өзара ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдау;
- 2) арнайы медициналық топтар үшін дене шынықтыру, емдік және адаптивті дене шынықтыруды жүргізу, адаптивті дене шынықтыру бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу жөніндегі бағдарламаны бірлесіп әзірлеу және енгізу;
- 3) баспа және электрондық басылымдарды, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік құралдарды, мақалаларды және т. б. бірлесіп дайындау және тарату;
- 4) ғылыми-практикалық конференциялар мен тақырыптық іс-шараларды бірлесіп ұйымдастыру және өткізу;
- 5) тараптар келіскен ынтымақтастықтың кез келген басқа түрлері.

3-бап

Осы Меморандумның ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар:

- 1) құрамы мен жұмыс регламенті Тараптардың өзара келісімі бойынша айқындалатын бірлескен (уақытша немесе тұрақты негізде) жұмыс топтарын құрады;
- 2) осы Меморандумды орындау үшін белгіленген тәртіппен анықтамалық - ақпараттық материалдармен алмасады.

4-бап

1. Туындайтын мәселелерді қарау және бірлескен іс-қимылдар жүргізу үшін Тараптар жіберетін уәкілетті өкілдер арқылы осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша өзара байланыса алады.

2. Осы меморандум бойынша барлық өзгерістер мен толықтырулар тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда ресімделеді.

5-бап

1. Тараптар екінші Тараптан алынған ақпаратты оның жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

2. Тараптар осы Меморандумды бірлескен қызмет бойынша заңдық және қаржылық міндеттемелерге әкеп соқпайтын ниет ретінде қарайды.

6-бап

Осы меморандум оған қол қойылған күннен бастап 3 жыл мерзімге күшіне енеді, егер Тараптардың бірі осы Меморандумның қолданысын тоқтату ниеті туралы тиісті мерзім аяқталғанға дейін кемінде 3 ай бұрын екінші Тарапты хабардар етпеген жағдайда, келесі үш жылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

7-бап


Меморандумның мәтіні әрбір тарап үшін бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ:

**«Астана медицина
университеті» КЕАҚ**
Нұр-Сұлтан қаласы,
Бейбітшілік көшесі, №49А
тел. 8 (7172) 53-94-53
e-mail: rektorat@amu.kz

**ҚР БҒМ "Ұлттық ғылыми-
практикалық дене тәрбиесі
орталығы" РМҚК**
Нұр-Сұлтан қаласы,
VIP-қалашық алабы, №3
тел: 8 (7172) 73-48-10
e-mail: nnpck2020@yandex.kz

Ректор



Д. Павалькис

(қолы)



Бас директор



Т. Есентаев

(қолы)

